



Президент

Президент Үкіметке ҚҚС мөлшерін қайта қарауды тапсырды

Бүгін Мемлекет басшысы отандық бизнес өкілдерімен кездесуде Үкіметке кез келген реформаны жан-жақты сараптап, байыппен қарауды міндеттеді.

Президент өз сөзінде экономика салаларының ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі нұсқаларды өзілеу керек екенін атап өтті.

«Қосымша құн салығына қатысты бұған дейін көзқарасымды білдірмеген едім. Өйткені қызметтік дәрежеме сәйкес, менің әрбір сөзім, пікірім қатаң тапсырма сияқты қабылданады. Соған қарамастан бұл мәселе бойынша ойымды жеткізім келеді. Қалай десек те, қосымша құн салығының мөлшерлемесі сараланып белгіленуге тиіс.

Үкімет түпкілікті шешімді білікті сарапшылардың, қайталап айтамын, білікті сарапшылар мен кәсіпкерлердің, әлбетте депутаттардың пікіріне құлақ аса отырып, нақты есептеулер негізінде қабылдағаны дұрыс.

Бір анығы, Үкіметтің қазіргі ұсынып отырған мөлшерлемесі тым жоғары. Сіздер

нақты цифрды айттыңыздар. Оны қоғам қызу талқылады. Тіпті, кей жағдайда артық сөздер де айтылды. Дегенмен, бұл қоғам талқысына алдын ала салынған ұсыныс болатын. Тағы қайталап айтамын, Үкіметтің бұл бағыттағы жұмысы бизнес, қоғам, кәсіпкерлер, сарапшылардың, яғни барлық тараптың пікірі ескеріле отырып жалғасуы керек. Биыл нақты шешім қабылдануға тиіс. Мен бұған дейін де айттым: Үкімет бұл мәселені депутаттармен және сарапшылармен егжей-тегжейлі талқылауы керек. Бүгін айтылған ой-пікірлер де ескеріледі. Мемлекетке барынша оңтайлы шешім қажет. Яғни бір жағынан бизнес жүргізуге кедергі келтірмей, қолайлы жағдай жасайтын, ал екінші жағынан, салыққа қатысты тәртіпті күшейтіп, бюджет кірісін арттыратын тиімді жолды табуымыз қажет», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

egemen.kz



Подготовка к паводку- 2025

С рабочим визитом

В соответствии с поручением министра по ЧС РК генерал-майора Ч. Чингиза Аринова, руководством департамента по ЧС Карагандинской области и его территориальных подразделений с января- месяца осуществляется посещение сельских населенных пунктов, в которых не созданы подразделения Государственной противопожарной службы по рассмотрению вопросов создания и полноценного функционирования добровольных пожарных формирований.

продолжение на стр. 3



Білгенге маржан

Өзімнен сөзім қымбат

Аға буынның жастарға көңілі толмауы немесе оларды түсінбеуі қашаннан келе жатқан ғадет деуге де болады. Бұл ілгергі ұрпақтың өзінен кейінгілерге жауапкершілікті түсінсе деген талабынан туатын көңілтолмастық болса керек. Әрине, заманның сұрқынан қорыққан Мұрат Мөңкеұлы секілді дүлдүл ақындардың «Мен қауіп еткеннен айтамын» деп келетін сақтандырған толғаныстарының да орны бөлек.

Егер өз өмірімізден айтар болсақ, эстрада атаулыны сонау өткен ғасырдың жетпісінші, сексенінші жылдары аға буын ұнатпағанын көрдік. Кейін «Дос-Мұқасан» ансамблінің әндеріне сол ағалардың билегеніне де куәміз. Сірә, ол үшін аға буынды кінәлауға болмас.

Дегенмен мұндай уақытша құбылыстардан бөлек, ұлттың негізіне тиетін аса маңызды ұстындар болады. Солардың бірегейі – тіл. «Жердің артында тіл тұр» (Әлихан Бөкейханов) десек, шегінуге болмайтын шекті көреміз. Жастардың жазған мақаласын, тіпті өңгіме, хикаяттарын, романдарын оқығанда, телеарналардан сөйлегенін көргенде кейде қарнымыз ашатынын айтпауға болмайды.

Қате ауызекі тілге еніп кеткен аударма тілмен (калькамен) жазу, сөйлеуге байланысты. Қазақ ешқашан «қазір келемін» деп айтпайды, «қазір барамын» дейді. Кейінгі кезде аға буынның өзі «келін түсірдім» демей, «келін алдым» дейтін болды. Мұндай қотыр тіл әдебиетке ауыз салуы, қалам ұстаған барша қауымды ойландыруға тиіс.

Кейбір жас қаламгерлер кәдімгі күн сөзінің мәнін білмейтіндей көрінеді. Күн тіпті майялардың тілінде де күн екенін сол жастар білмей-ақ қойсын. Тенгір – тәңір атауларының күнмен ұштасатын мифтік астарына да басын қатырмасын делік. Кәдімгі таңда жарқырап шығатын күн күркірейді, бұлттайды, жауады. Бұл – қазақы түсініктегі күн. Мұндай тұрақты тіркестерді өзгертуге болмайтынын қалам ұстаған жасқа түсіндіру кейде қажет болып көрінеді.

жалғасы 2-бетте

Подготовка к паводку - 2025

К периоду массового снеготаяния

Зима – наиболее сложный период для пешеходов и водителей. Из-за выпавшего снега и гололеда движение автомобилей и пешеходов становится сложнее. В снегопады заметно ухудшается видимость, появляются заносы, ограничивается и затрудняется дорожное движение.

В целях обеспечения безопасности дорожного движения, а также минимизации образования поверхностного стока талых вод в период массового снеготаяния, предотвращения подтопления придомовых территорий, в районном центре ГУ «Аппарат акима п. Нура» организованы и проводятся мероприятия по очистке и вывозу снега. Следует отметить, что вопросы очистки территорий от снега и его вывоза находятся на особом контроле у акима Нуринаского района.

продолжение на стр. 2

